

«Келес ауданы бойынша
Сапарәлі Селтанов атындағы
білім, спорт және бюджеттік
мекемелері қызметкерлерінің
жергілікті кәсіптік одағы»
Қоғамдық бірлестігі



ОО «Локальный
профессиональный
союз работников образования,
спорта и бюджетных учреждений
имени Сапарали Селтанов
по Келесскому району»

Алғыс хат

Құрметті *Жүлдіманова Рано*

Білім беру саласында еселі еңбек етіп, қызметтік міндеттеріңізді
абыройлы атқарып, адал еңбегіңіз бен қоғамдық жұмыстарға
белсене қатысқаныңыз үшін үлкен алғысымды білдіремін.
Саналы ұрпақ қалыптастырудағы игілікті қызметіңізге шығармашылық
табыс, зор денсаулық, сәттілік пен абырой тілеймін!

Кәсіподақ төрағасы

Е.С.Селтанов

Тіркеу № 66

Келес ауданы 2023 жыл

«МЕКТЕП» республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал

Диплом

I дәрежелі

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық «Мектеп» журналына жарияланған **“Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын ойын технологияларының маңызы”**

тақырыбындағы мақаласы үздік деп танылып, әріптестеріне тәжірибе таратқаны және елеулі еңбегі мен білім саласына қосып жүрген үлесі үшін Түркістан облысы, Келес ауданы, №3 “Көркем” бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

Рано Кулманова

марапатталады



«Мектеп» журналының бас редакторы

Ж.ТӨЛТЕБАЙ

Қазақстан Республикасы, 2020-2021 оқу жылы

Тіркеу №1389



ТҰРКІСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ

ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

Білім беру жүйесіндегі шығармашылық
еңбегі және жеткіншек ұрпақты оқыту
мен тәрбиелеудегі табыстары үшін

Кулманова Рано Юсуповна
МАРАПАТТАЛАДЫ

Бөлім басшысының
міндетін атқарушы



А.Кадырбекова

Тіркеу № 2545

Абай ауылы, 2024 жыл



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
КЕЛЕС АУДАНЫ

АЛҒЫС ХАТ

Құрметті Кулманова Рано Юсуповна

*Болашақ ұрпаққа тәрбиемен қатар,
ғылым мен білімнің маңызды рөлін
бойына дарыта отырып, интеллектуалдық
өресі, адами капиталы толыққанды
қалыптасқан, ұлтжанды азамат тәрбиелеудегі
сүбелі үлесіңіз бен жаңа мазмұндағы
білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесіңіз үшін
алғысымызды білдіреміз!*

*Сізді кәсіби мерекеңізбен құттықтай отырып,
деніңізге саулық, отбасыңызға амандық,
бақ –береке тілеймін.*

Аудандық
хатшысы



А.Тотиков

Абай ауылы, Қазан 2022ж.



Алғыс хат

Құрметті Кулманова Рано Юсуповна

**Сізді Мұғалімдер күнімен шын жүректен
құттықтаймын!**

**Білім саласындағы жоғары жетістіктеріңізге
және жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі
қызметіңіз бен ерен еңбегіңізге, сонымен қатар
балабақшамыздың білім сапасының дамуына және
еліміздің өсіп – өркендеуіне қосқан қажырлы
еңбегіңіз үшін алғысымды білдіремін.**

**Сізді кәсіби мерекеңізбен құттықтай отырып,
деніңізге саулық, отбасыңызға амандық,
бақ – береке тілеймін.**


**№3 “Көркем” бөбекжай
бақшасының меңгерушісі:**



Ж. Абдикаримова

Тіркеу № 1

2022ж.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
ЖУРНАЛ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНДЕ ТІРКЕЛГЕН
№ 15616 - Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМ БОЛЫП САНАЛАДЫ
Республикалық педагогикалық ғылыми басылым «ӨРЛЕУ»

СЕРТИФИКАТ

Кулманова Рано Юсуповна

«Үздіксіз педагогикалық білім»
№71(4) ақпан 2024 жылы мақала жарық көрді



10.02.2024

Берілген күні/айы/жылы

Бас редактор Усипбаева Ғ.М.

Тіркеу нөмірі № 101



**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
ЖУРНАЛ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНДЕ ТІРКЕЛГЕН
№15616 -Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМ
БОЛЫП САНАЛАДЫ**

**Республикалық педагогикалық ғылыми басылым
«ӨРЛЕУ»**

ДИПЛОМ


Кулманова Рано Юсуповна

«Үздіксіз педагогикалық білім»

№71(4) ақпан 2024 жылы мақала жарық көрді

Бас редактор

Усипбаева Ғ.М.



Тіркеу нөмірі № 101



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
ЖУРНАЛ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНДЕ ТІРКЕЛГЕН
№15616 -Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМ БОЛЫП САНАЛАДЫ
Республикалық педагогикалық ғылыми басылым
«ӨРЛЕУ»

«Үздіксіз педагогикалық білім»
№71(4) ақпан 2024 жылы мақала жарық көрді

ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

Құрметті

Кулманова Рано Юсуповна

*Сіздің бала көңіліңіз әр оқушының жан дүниесін
нұrlандырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде.
Мұғалімнен өнеге-білім алып, өмір теңізіне құлаш
ұрған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады.
«Мектептің жүрегі», «Бала жанының бағбаны» ...
Бұл мектеп мұғалімі - ұстазға
арналған теңеулер.*

*Сіздің деніңізге саулық, отбасыңызға амандық,
істеріңізге сәттілік тілейміз.*

Бас редактор

Тіркеу нөмірі №

101

Усипбаева Ғ.М.





I Дәрежелі диплом



BILIM
TIME

№S22/ 101839

BILIMTIME.KZ ұстаздарға арналған
әдістемелік орталығының сайты
мектеп алды даярлық тобы тәрбиеленушілер
арасында Сауат ашу пәнінен ұйымдастырған
олимпиадасының жеңімпазы

Нәметулла Айдаң


марапатталады



Сайт әкімшісі
Қасымов Н.Қ.

Нұр-Сұлтан қаласы

16.04.2022 ж.





I Дәрежелі диплом

№S23/ 101840

BILIMTIME.KZ ұстаздарға арналған
әдістемелік орталығының сайты
ересек тобы тәрбиеленушілер арасында
Математика негіздері пәнінен ұйымдастырған
олимпиадасының жеңімпазы

Қайрат Нұртас
марапатталады



Сайт әкімшісі
Қасымов Н.Қ.



Нұр-Сұлтан қаласы

16.04.2022 ж.



**BILIM
TIME**





I ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМ

№ MAD22/1001325

BILIMTIME.KZ ұстаздарға арналған әдістемелік сайты
мектеп алды даярлық тобы тәрбиешілер арасында
ұйымдастырған

“Үздік мектеп алды даярлық тобы тәрбиешісі”
қашықтық олимпиадасында жеңімпазы

Кулманова Рано

марапатталады



Орталық жетекшісі

Қасымов Н.К.

Нұр-Сұлтан қаласы



*Түркістан облысы, Келес ауданы
№3 Көркем бөбекжай балабақшасының
Тәрбиешісі
Балдәурен кіші тобы
Кулманова Рано Юсуфовна*

«Кіші топ жасындағы баланы өз бетінше әрекет етуге тәрбиелеу»

«Адамды — адам еткен еңбек». Жалпы адам баласы өмірге келген күннен бастап еңбекпен тығыз байланыста болады. Себебі, шыр етін өмір есігін ашқан сәттен бастап ана сүтін емудің өзі өз бетінше өз бетінше жатады.

Еңбек дегеніміз бойымыздағы энергия яғни күшіміз, осы күшті пайдаланудың өзі еңбек. Адамдар еңбек ету арқылы көптеген жетістіктерге жетеді. Күнделікті ішіп-жейтін тамағының киетін киімінің өзі өз бетінше жасаған еңбекпен келеді.

Мысалы: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»- дегендей жерге дән сеуіп, оны күтіп баптап өсіреді. Базарға апарып сатып, ақшасына тамақ, киім алады.

II. Балалардың өз бетінше еңбегі туралы айтатын болсақ, күнделікті өмірде кездесетін көзге көріне бермейтін, өзіміз мән бермейтін қарапайым еңбек түрлері өте көп.

Мысалы: 2 — 3 жастағы баланың өз бетінше тамағын ішіп-жеуі, ойыншығын, киімін жинауының өзі олар үшін үлкен еңбек. Баланың өз-өзіне қызмет қыла білуінің өзі еңбекке жатады.

Өз бетінше әрекет ету арқылы баланың есте сақтау, қору, сезіну қабілеттері арта түседі.

Мысалы: Шұлығын, қолғабын, бас киімін, көйлегін киетін кезде оны қай жерге киетінін, ойлау, қору, есте сақтау қабілеттері арқылы жасалады.

Баланың әр өз бетімен жасаған еңбегін, қылығын мақтап отыру қажет.

Мысалы: Ой, жарайсың, бәрекелді, өте жақсы, керемет деген сөздер баланы еңбек етуге деген қызығушылығын оятады.

Баланы ойын арқылы да өз бетінше еңбекке баулуға болады. Баланың ойынына аса мән беру керек.

Ұлы педагог, А. С. Макаренко айтқандай бала ойын кезінде қандай болса, кейін есейгенде жұмыс орнында да сондай болады. Сондықтан бала кезінде ойнаған кезде баланы қадағалап, ойынына мән беру керек. Егер дұрыс емес екеніне көз жеткізсеңіз, дұрыс жолға бағыттау керек. Бала ойын ойнағанда үлкендерден немесе теледидардан көргендерін қайталайды. Өйткені ойын кезіндегі іс-әрекеті қимыл қозғалысы бәрі өз отбасында көрген білгендерінің айқын дәлелі. Баланың ойыны арқылы отбасындағы беріп жатқан тәрбиенің қандай екенін аңғаруға болады және қандай мамандық несі екенін білуге болады. Сондықтан баланың көзінше артық сөз, артық қимыл жасаудың қажеті жоқ. Балаға ата-ана жақсы жағынан көрінуі қажет. Сондай-ақ баланы өз бетінше әрекет етіп, еңбекке баулу арқылы адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеуге болады.

Мысалы: Жерде жатқан нанды алып қоюы, киімін күтіп киюі бәрі адамгершілікке, үлкендердің еңбегін сыйлағаны болып есептеледі.

III. Балабақшадағы балалардың өз бетінше еңбегі.

Балалардың өз бетінше әрекет етіп еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге үйрету, бір-біріне кедергі жасамай әрекет етуге үйрету. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу. Балаларды балабақшадағы өз бетінше жасалатын еңбек жұмыстарына араластыру ойын бұрышындағы кезекшілікті атқаруға үйрету. Үлкендердің көмегімен гүлдерді суару, ағаштарға су құю, оқу құралдарын тарату, ас ішу кезінде тарелка, қасықтарды қойып шығу сияқты жұмыстарды үйрету. Үлкендердің еңбегінің және еңбектің қажеттілігі жөнінде түсінік беру. Балаларды алдына мақсат қоя білуге, оған жетуге үйрету жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру.

Арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегі, әңгімелерді кейіпкерлер арқылы «Еңбек түбі — зейнет» екенін түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс макта», «Бұзау бақтым».

Үздіксіз педагогикалық білім

«Көйлекті маған кім берді?», «Қайдан келдің, бауырсақ?» деген әңгімелер арқылы барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру.

Балаларды еңбек түрлерімен және кәсіптермен таныстыру. Ұжымдық еңбекті татулықпен ұйымдастырып атқаруға үйрету. Еңбектің әр түріне баланың қызығушылығын ояту, ұжымда еңбек етуде белсенділік, ынтымақтасын көрсетуді қолдау. Өз қолымен жасаған еңбегіне қуанып, мақтаныш сезімін тудыру. Еңбекке қызығушылығын тәрбиелеп жағымды көзқарас тудыру. Өз-өзіне қызмет етуі балабақшада және отбасында өз бетінше еңбекке араласу, яғни үлкендерге көмектесу.

Еңбек етуге жат қылықтар: Еріншектік, жалқаулық, шалағайлық, ұқыпсыздыққа **жиренуге** баулу, яғни жол бермеуге тәрбиелеу. Бақыт адамға еңбек арқылы келетінін ұғындыру.

Гүл өсірсен терлеп,

Бұның аты – еңбек.

Кесте тіксең зерлеп,

Бұның аты — еңбек.

Қиындықтың бәрін

Еңбек қана жеңбек, деген өлең жолдарын айта отырып болашақ біздің ізбасарларымыз жас жеткіншектерге «Еңбек түбі – береке», «Еңбек ер атандырады», «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті» екенін айтқым келеді.

*Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауданы
"Шарбұлақ" атындағы ЖББМ
Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Жамалбекова Катина Тұрғанбековна*

Оценивание состояние современной русской речи

Русский язык – язык великого русского народа, имеющего героическую историю, выдающиеся достижения в области науки, культуры, литературы, общественной мысли и т. д. Русский язык считают одним из наиболее богатых и развитых языков мира.

О гибкости, красоте, многогранности русского языка говорили многие учёные, поэты, писатели. Н. В. Гоголь назвал русский язык «живым как жизнь», подчёркивая его способность постоянно обогащаться и совершенствоваться. Он говорил и о меткости русского слова: «Нет слова, которое было бы так замашисто, бойко, так вырывалось бы из – под самого сердца, так бы кипело и животрепетало, как метко сказанное русское слово».

Советский поэт, прозаик, фантаст Вадим Сергеевич Шефнер сказал: «Словом можно убить, словом можно спасти, словом можно подки за собой повести». И с этим нельзя не согласиться. С помощью слов мы общаемся, понимаем друг друга, делимся своими мыслями. Слова очень много значат для каждого из нас, ведь намного приятнее общаться с человеком, который интересно говорит и может поддержать беседу, чем с человеком, малограмотным. Латинская мудрость гласит: «Следи за тем, о чём говоришь, а не за тем, о чём думаешь». Великий французский учёный Паскаль сказал: «Иначе поставленные слова обретают другой смысл, иначе расставленные мысли приводят другое впечатление». «И самая блестящая речь надоест, если её затянуть». В народе много пословиц и поговорок о языке: «Без языка и колокол нем», «Язык до добра не доведёт», «Верёвка хороша длинная, а речь короткая» и многие другие. Все эти афоризмы, поговорки и пословицы говорят о том, как богат язык.

К сожалению, проблема развития устной речи была всегда, а в наши дни она становится всё более актуальной. Овладение языком, речью считается необходимым условием формирования личности. Научиться ясно и грамматически правильно говорить, обладать хорошо поставленным голосом, излагать собственные мысли в устной и письменной форме, уметь выражать свои эмоции разнообразными интонационными средствами, соблюдать речевую культуру и развивать умение общаться необходимо каждому. Поэтому одной из наиболее важных задач на современном этапе обучения учащихся мы считаем развитие устной речи.

Мектеп

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ

№2 (216) ақпан, 2021 жыл.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ



Оразкуль Сайлауовна,
№138 жалпы орта білім беретін мектебі
директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.
Шымкент қаласы.



Баян АСЕМОВА
"Ұзын Ата" жалпы орта мектебінің
бастауыш сынып оқу ісінің меңгерушісі.
Түркістан облысы, Шардара ауданы.



Рано КУЛМАНОВА
№3 «Көркем» бөбекжай
бақшасының тәрбиешісі.
Түркістан облысы, Келес ауданы.



Бактықұл ДҮЙСЕНБЕКОВА
"Достық" жалпы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы.



Рано КУЛМАНОВА,
№3 «Көркем» бөбекжай
бақшасының тәрбиешісі.
Түркістан облысы, Келес ауданы.

Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын ойын технологияларының маңызы

Адам әрекетінің еңбек, оқу сияқты негізгі түрлерінің бірі – бұл ойын. Ойын – бұл жағдаят жағдайында қоғамдық тәжірибені игеру және қайта туғызға бағытталған әрекет түрі. Ойын барысында тұлғаның мінез құлқын өзі басқаруы жетіліп, қалыптасады. Отандық педагогика және психология ғылымдары саласында ойындық әрекет бағдарламасын К.Ушинский, П.Блонский, С.Рубинштейн, Д.Эльконин, шетелде З.Фрейд, Ж.Пиаже және т.б. жасады. Олардың еңбектерінде тұлғаның даму сатыларында, негізгі психикалық қызметтері дамуындағы, тұлғаның өзін-өзі басқаруы мен өзін-өзі билеуіндегі, әлеуметтену үрдісінде – адамның қоғамдық тәжірибені пайдалану және игерудегі ойынның рөлі зерттеліп, негізделген.

Тұлғаның әрекеті ретінде ойын құрылымына келесі:

- Максаткерлік;
- Жоспарлау;
- Максатты іске асыру;

Тұлға өзін субъект ретінде толық көрсететін нәтижелерді талдау сияқты кезеңдер жатады.

Ойын әрекетінің түрткісі оның еріктілігімен, тандау мүмкіндігі, жарыс элементтері болуымен қамтамасыз етіледі.

Үрдіс ретінде ойын құрылымына:

- Ойнаушының өзіне тандаған рөлдері;
- Сол рөлдерді іске асыру құралы ретіндегі ойын элементтері;
- Нәрселердің ойындық қолданылуы, яғни шынайы нәрселердің шартты түрде не ойын түріне ауыстырылуы;
- Ойнаушылар арасындағы шынайы қарым-қатынастар;
- Сюжет (мазмұн) – ойын барысында шартты түрде алынатын шындық саласы.

С.А.Шамакова бойынша көптеген ойындарға тән ортақ белгілер деп төмендегілерді айтуға болады:

- Тек қана нәтижесінен ғана емес, әрекет үрдісінің өзінен де ләззат алу үшін баланың тілегімен ғана қабылданатын, еркін дамытушы әрекет
- Елеулі мөлшерде суырып салмалық, шығармашылық, осы әрекеттің белсенді сипаты («шығармашылық аясы»);
- әрекеттің эмоционалды көтеріңкілігі, бәсекелестік, жарыс («эмоционалды қуат»);
- Ойын мазмұнын, оның дамуын логикалық және мерзімдік, уақыт тұрғысынан бейнелейтін тікелей және жаңа ережелердің болуы.

Ойындық әрекет бағдарламасын зерттеген ғалымдар пікірінше ойын педагогикалық мәдениет феномені ретінде төмендегідей қызметтерді атқарады:

- Әлеуметтендіру қызметі.
- Өйткені, ойын – баланы күшті қоғамдық қатынастар жүйесіне енгізу және оған мәдениет байлығын игерту құралы.
- Ұлтаралық қатынас құралы қызметі.
- Себебі, ойын – балаға жалпы адамзаттық құндылықтарды, түрлі ұлт өкілдерінің мәдениетін игеруге мүмкіндік туғызады. Өйткені ойын - әрі ұлттық әрі интернационалдык, сонымен бірге жалпы адамзаттықта.
- Ойында бала «адамзат тәжірибесі аясында» өзін-өзі көрсету қызметін көрсетеді. Өйткені, ойын бір жағынан баланың практикада өмірлік нақты қиындықтарды жою жобасын тексеруге және құруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан тәжірибесінің олқы тұстарын айқындауға мүмкіндік береді.
- Ойынның қатысымдық қызметін – балаға шынайы күрделі адамдық қатысым аясына енуге мүмкіндік беретін дерегі айқын көрсетеді.
- Ойынның диагностикалық қызметі педагогқа баланың әр қырынан: интеллектуалдық, шығармашылық, эмоционалды және т.б. көрінуін диагностикалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ойын – баланың өз күшін нақты сезінетін, өзін-өзі бағалау, еркін әрекеттегі мүмкіндіктерін танытын өзін-өзі көрсету аймағы болып табылады.
- Ойынның емдік қызметі – баланың қарым-қатынаста, оқуда, мінез-құлқында туындайтын әр түрлі қиындықтарды жөну құралы ретінде қолданылуымен түсініледі. Ойынның мұндай қызметін Д.Б.Эльконин аса жоғары бағалайды.
- Ойынның түзеу қызметі деп – баланың тұлғалық құрылымының көрсеткішіне жағымды өзгерістер, толықтырулар енгізу түсініледі. Ойын әрекетінде бұл үрдіс басқа кездегіден гөрі неғұрлым жұмсақ өтеді.
- Ойынның дамытушылық қызметі, оның ең маңызды қызметтерінің бірі.

Сонымен бірге, ойын – баланың қызығушылықтан дамуға ұласатын, қызығушылығының ұйымдастырылған мәдени стратегиялық-кеңістігі.

Педагогикалық ойындардың ойыннан негізгі айырмашылығы – дәл айқын қойылған оқыту мақсатына және оған сәйкес педагогикалық нәтижемен негізделуінде және оқу-танымдық бағыттылығымен сипатталатын мәнді белгілерге ие болуында.

Педагогикалық ойындар:

Мақсатына қарай:

Ұйымдастырылу құрылымына қарай:

Олардың жас ерекшелік мүмкіндіктеріне сай пайдалануына қарай:

Мазмұнының өзіндік ерекшелігіне қарай жеткілікті дәрежеде алуан түрлі болып келеді. Әсіресе, ойынды қолдану халықтық педагогикада, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелерде кеңінен тараған. Соңғы жылдарға дейін оқыту үрдісінде ойынды қолдану аса кең таралмады. Қазіргі мектептерде, ересектерді оқыту барысында, мектептен тыс тәрбиелік шараларда ойынды тұлғаның белсенділігін көтеру мақсатында қолдану орнығып келеді. Оқу үрдісінде ойын технологиясын қолдану орнын анықтау, ойын элементтерін кіріктірудің оңтайлығы мен тиімділігі оқытушының педагогикалық ойындар қызметі мен классификасын түсінуден, қолдану шеберлігімен тығыз байланысты.

Осы ойындардың ішіне орта буын балаларынан басқа педагогикалық жұмыс мүшелерімен де ұйымдастырылатын ойындардың тиімділерінің бірі – бұл іскерлік ойындар деуге толық негіз бар.

Іскерлік ойындарды педагогтың кәсіби шеберлігін дамытуда, құзырлығын анықтауда пайдалану арқылы оң нәтижелерге қол жеткізуге болатынын күнделікті тәжірибенің өзі дәлелдеуде. Іскерлік ойындардың өзі бірнеше топқа бөлінеді. Олар: имитациялық, операциялық, рөлдерді орындау, іскерлік театр, психо және социодрамалар.

Психодраманың туып, дамуына ерекше үлес қосқан Джекобу Леви Морена болды. Классикалық психодрама – топтық жұмыстың өте айқын, ең эмоционалды бай бағыттарының бірі. Ол жүргізушіден жоғары кәсіби біліктілік пен зор шығармашылық қабілеттерді талап етеді. Өйткені ол бір мезетте режиссер, терапевт және сарапшы рөлін атқарады. Бұл әдістің мәні жүргізуші режиссер басқаруымен топ мүшелерінің арнайы ұйымдастырылған кеңістікте арнайы тәсілдер көмегімен спектакль қоюында.

Дәстүрлі театрландырылған қойылымдардан оның ерекшелігі-қатысушыларға бейтаныс жағдай емес, керісінше олардың өздерінің өмірлік тәжірибесі, жеке проблемалары немесе өзіндік әлеуметтік рөлдердің ойналуында болып табылады. Сондықтан сахналандырылатын қойылымның авторы қатысушылардың өздері болады. Оларға режиссер мен топтың басқа мүшелері көмектеседі. Мұнда суырып салмалық пен аяқ астынан туған, шын жүректен шыққан ойлар мен пайымдауларға ерекше мән беріледі, ал қойылымның сәтті шығуына келергі келтіруі де ғажап емес. Әдетте, топта кәсіби актер режиссердің көмекшісі болуы міндетті емес. Психодрамалық сессияларды топтастырудың негізгі кезеңдері төмендегілер болып есептеледі.

-сергіту сәті

-психодрамалық әрекет фазасы

-кіріктіру фазасы, қатысушылар өз пікірлері мен әсерлерімен алмасады.

Психодрамалық әрекеттер кульминациялық нүктесіне жеткенде, топтың эмоционалды қуаты шарықтау шегіне жетіп, «катарсис» - жан дүниесінің тазаруы жүзеге асады. Эмоционалды қабылдау сәтінде жағдайды басқаша бағалау, қабылдау жүзеге асқандықтан, тұлға аралық қатыстықтарды жағымды шешуге ықпал етеді. Психодрамалық әрекетке режиссер, протогонист оның әріптестері және аудитория қатысады.

Психодрамаға қатысушылар әрекетке түсу барысында ішкі қайшылықтар мен маза бермейтін ойларынан арылып, емдік терапия жүреді. Сонымен қатар көрермендер де терең эмоционалды қоюалжуды бастан кешіретіндіктен, топ мүшелерінің өзара сезіммен бөлісуі жүзеге асады. Рөлдік ойын барысында қатысушылар өз тәжірибесін басынан қайта кешіп қана қоймайды, оны талдап, мінез-құлықтың жаңа моделін сынап көреді.

Психодрамаларда сезімге қатысты мәселелер қарастырылса, әлеуметтік драмаларда өзара қатынас деңгейіндегі мәселелер қарастырылады.

Сертификат

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық
«Мектеп» журналына **“Мектепке дейінгі ұйымдарда
қолданылатын ойын технологияларының маңызы”**
тақырыбындағы жарияланған мақаласы үшін
Түркістан облысы, Келес ауданы, №3 “Көркем”
бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі

Рано Кулманова

берілді



Ж.ТӨЛТЕБАЙ

«Мектеп» журналының бас редакторы